

**«ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ӨНЕР» КАФЕДРАСЫНЫҢ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ САПА САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ**

1. Үш білім беру бағдарламасы бойынша постаккредитациялық мониторинг кезеңінен сәтті өтті: 6B02101 – «Аспаптық орындаушылық», 6B02103 – «Вокалдық өнер», 6B02104 – «Актерлік өнер»;
2. «Павлодар облысының XX ғасырдың екінші жартысындағы көркемдік-эстетикалық ортасы» атты гранттық ғылыми жоба бойынша жұмыстар аяқталды (2023-2025 жж., жоба жетекшісі – М. П. Попандопуло). Ғылыми жоба аясында материалдық-техникалық база қажетті оргтехникамен толықтырылды: 4 моноблок, 2 ноутбук, 2 нетбук және 2 интерактивті панель сатып алынды;
3. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының Scopus деректер базасында индекстелетін журналдарда, ҚР Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда, халықаралық конференциялардың материалдарында, сондай-ақ шетелдік ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдары бар;
4. «Бастауыш музыка теориясы» оқу құралы жарық көрді (Д. Р. Мукатова, С. А. Темирбекова);
5. «Жасанды интеллектті қолданатын заманауи вокалдық технологиялар» оқу құралы жарық көрді (М. А. Валиева);
6. Кафедра студенттерінің халықаралық «Coursera» білім беру платформасында білім алып, халықаралық сертификаттар алуы қамтамасыз етілді – 65 студент;
7. ПОҚ және кафедра студенттері үшін жасанды интеллект бойынша білім алушылардың курстарынан өтуі;
8. Кафедра профессоры Е. Х. Айтбаев «Парасат» орденінің иегері атағына ие болды;
9. 6B02103 – «Вокалдық өнер» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 2 және 3 курс студенттері Бейсен Айдын мен Құнанбай Жалын Түркістан қаласында өткен Республикалық дәстүрлі ән орындаушылар байқауында II және III дәрежелі лауреат атанды;
10. 6B02104 – «Актерлік өнер» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 3 курс студенті Ахметбек Данияр, актерлік шеберлік бойынша Республикалық олимпиадада (Астана қ.) 3 дәрежелі лауреат атағының иегері.;
11. ПОҚ және кафедра студенттері ЖОО ішіндегі, өңірлік және республикалық Мәдени іс-шараларға белсенді қатысады. Тәрбие жұмысы факультеттің, кафедраның және эдвайзерлердің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

**«Орындаушылық өнер»
кафедрасының меңгерушісі**



М. П. Попандопуло

